

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ



БЕКІТЕМІН»

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті» КеАҚ

Басқарма Төрағасы – Ректоры


Л.Ч.Карабасова

11 2023 ЖЫЛ

**«Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-нің үздік куратор – эдвайзері»
байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Қызметтік қолданысқа арналған басылым
Ақтөбе, 2023 жыл

1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры
Қартжан Н.Е. 

БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Басқарма отырысының шешімі негізінде (№ 33 хаттама, 2023 жыл) бекітілген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жаңасын ауыстырғанға дейін

3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті «Үздік куратор-эдвайзер» байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді (ары қарай – Байқау).

1.2 Байқауға әр факультеттен үздік деп танылған бір академиялық топ куратор-эдвайзері қатысады.

1.3 Байқау академиялық кезеңге байланысты жылына 1 рет өткізіледі (оқу жылының ақпан – сәуір айлары аралығында).

1.4 Қатысушы куратор-эдвайзердің өтініштерін қабылдау (Қосымша 1, 2, 3).

1.5 «Үздік куратор – эдвайзер» байқауына бұрын жүлделі орын алған куратор – эдвайзерлер қатыстырылмайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде төмендегі нормативті құжаттарға сілтеме жасалды:

2.1 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы;

2.2 «Білім туралы» заңы;

2.3 АӨУ-нің жарғысы;

2.4 Академиялық студенттік топ куратор-эдвайзер ережесі;

2.5 Университеттің ішкі тәртіп ережелері;

2.6 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

3. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

3.1 Қазіргі қоғамдағы тәрбиенің рөлін арттыру, жалпы білім беру жүйесіндегі және университеттегі тәрбие үдерісін жетілдіру.

3.2 Оқу және тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін академиялық топ куратор-эдвайзерлерінің жұмыстарын дамыту, жетілдіру.

3.3 Академиялық топ куратор-эдвайзердің позитивті имиджін нығайту, озық іс-тәжірибесін насихаттау және жаңа тұрпатты маман дайындаудағы куратор-эдвайзер мәртебесін көтеру.

3.4 Ізгі, толерантты ахуал туғыза білетін кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл және талантты академиялық топ куратор-эдвайзерін анықтау.

4. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Байқауға куратор-эдвайзер «Академиялық студенттік топ кураторы-эдвайзерінің ережесіндегі» міндеттер мен талаптарды толық орындаған жағдайда қатысуға құқылы (оқу жылы барысында міндеттер мен талаптарды уақытылы және өз мерзімінде орындауы).

4.2 Байқауға қатысу үшін куратор – эдвайзер сауалнама (қосымша №3) толтырып, факультет кеңесінің хаттамасымен ұсынылады.

5. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

5.1 Байқауды ұйымдастырушы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті.

5.2 Байқаудың жүлде қоры – 1 000 000 теңге.

5.3 Байқау нәтижесін қорытындылау үшін Басқарма Төрағасы – Ректор бұйрығымен байқау комиссиясы құрылып, тағайындалады.

5.4 Байқау 2 кезеңнен тұрады. Әр кезең қорытындысы әлеуметтік желілерде жарияланады (facebook, instagram).

I. Факультет деңгейінде

Ашық куратор сабағын өткізу. Ашық куратор сағатының өткізілу ұзақтығы 40 минуттан аспауы қажет. Ашық куратор сағатының тақырыптары кураторларға алдын ала ұсынылады.

Негізгі критерийлері: ұйымдастырылуы, креативтілігі, әдіс-тәсілі, топтың белсенділігі.

II. Университет деңгейінде

Академиялық тобымен байқау

1. Таныстыру 3 минут;
2. Топпен өнер көрсетуі 3-4 минут (ән, театрландырылған көрінісімен);
3. Әлеуметтік бейне роликтер

Ескертпе: әр турдың тақырыптары жеребе арқылы таңдалынады.

6. БАЙҚАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

6.1 Бағалау шарттары бойынша сарапшылар байқау жеңімпаздары туралы ашық дауыспен шешім қабылдап, жеңімпазды (жеңімпаздарды) анықтайды және оларды марапаттау үшін қаржы көлемін белгілейді.

I орын – 300 мың теңге (1 адам);

II орын – 200 мың теңге (1 адам);

III орын – 100 мың теңге (2 адам);


Қатысқаны үшін – 50 мың теңге (6 адам).

6.2 «Үздік куратор- эдвайзер» байқауының нәтижелері университеттің әлеуметтік желілерінде жарияланады.

6.3 Байқау жүлдегері (жүлдегерлері) дипломдармен және қаржылай марапатталады.

Келісілді:

Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры



Е.Е.Муханбеткалиев

Басқарма мүшесі – Қаржы және инфрақұрылым жөніндегі проректоры



Г.Е. Есенбаева

Заңгер департаментінің директоры



Л.Б.Алиманова

**«Үздік куратор-эдвайзер» байқауына қатысушыларының
ӨТІНІМІ**

Аты – жөні (толық) _____

Факультет _____

Кафедра _____

Қызметі _____

№ Академиялық топ (курс)

Академиялық топ куратор – эдвайзерлік қызметіндегі еңбек өтілімі:

Байланыс нөмері _____

Электрондық почта _____

Толтырған күні: « _____ » _____ 2023 жыл

Қолы _____

Академиялық топ куратор – эдвайзерінің портфолиесі

- Топтың толық тізімі, мысалы, топ активі (староста, староста орынбасары, шетелдік студент, мүгедек студент және т. б.).
- Факультеттің кураторы мен аға кураторы қол қойған тәрбие жұмысы жөніндегі деканның орынбасары бекіткен тәрбие жұмысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары (түпнұсқа немесе көшірме);
- Топта айлар бойынша өткізілген іс-шаралар туралы мәліметтер

Күні, уақыты	Топтың саны	Кураторлық сағаттың атауы	Фото, видео есеп ресми сайттар немесе әлеуметтік желілерде сілтеме

- Куратор – эдвайзердің жатақханаға барғаны туралы мәліметтер (айлар бойынша барған күндерін көрсету):

Күні, уақыты	Студенттер үйі	Іс – шара атауы	Фото, видео есеп, студенттер үйінің журналында тіркелу, сілтеме

Ескертпе: куратор – эдвайзердің қосымша мәліметтер орналастырылады.

**20__-20__ оқу жылындағы жұмыс қорытындысы бойынша куратор –
эдвайзердің рейтингін анықтау үшін**

Сауалнама

Куратор – эдвайзердің толық аты – жөні _____

Факультет _____

Кафедра _____

Академиялық топ атауы, мамандығы _____

№	Көрсеткіш	Бірлік өлшемде	Балл	Ескертпе
Кураторлық сағат				
1.1	Университет түлектері, мәдениет, ғылым, бейнелеу өнері қайраткерлері және т. б. кездесулер, қонақ дәрісі	1 шара	2	
1.2	Кураторлық сағатта тәрбие тұжырымдамасындағы 5 бағыттың қамту	1 шара	2	
Оқу – әдістемелік жұмыс				
2.1	Тәрбиелік жұмыстары бойынша мақала жариялау	1 мақала	5	
Мәдени-бұқаралық жұмыс				
3.1	Студенттердің музей, театр, кітапхана және т.б. университеттік шараларға топтың қатысымы	1 қатысым	10	
Спорттық шара				
4.1	Спорттық секцияларға топтан қатысатын студенттер саны	1 студент	1	
4.2	Университет аралық универсиадаға қатысатын студенттер саны	1 студент	2	
Қоғамдық жұмыс				
5.1	Жалпы университеттік іс-шараларда және кураторлардың факультеттік жиналыстарында, университет кураторлары кеңесінің отырыстарында, біліктілікті арттыру курстарының сабақтарында болмауы- себепсіз қатыспауы	1 шара	-10	
5.2	Кураторлық сағаттар өткізілмесе немесе себепсіз тоқтатылса	1 кураторлық сағат	-20	
5.3	«Денсаулық және салауаттылық» психологиялық орталығымен байланыс жасау	1 студент	1	
5.4	Академиялық топта университет ішкі тәртіп ережесін бұзған студенттер болса	1 студент	-10	
5.5	Академиялық топтағы студенттердің студенттік парламент құрамында немесе студенттік клубтардың құрамында болуы (жастар комитетінің растау хатымен жүзеге асырылады)	1 студент	2	
5.6	Топтағы студенттердің жетістіктері - Республикалық - Халықаралық	1 студент	2 5	
5.7	Академиялық топта академиялық ұтқырлық арқылы республикалық, халықаралық ЖОО - да I семестр оқып келуі	1 студент	1	

5.8	Интегралды GPA (IGPA) бойынша ережесіне сәйкес академиялық топтың ортақ көрсеткіші	1 студент	1	
5.9	Академиялық топтың оқу үлгерімі бойынша курстан курсқа көшу GPA төмен балл көрсеткішін көрсеткен жағдайда	1 студент	-5	

* сауалнамаға ұсынылатын мәліметтер университеттің және факультеттің әлеуметтік желілерінің сайтына (байланыс, Instagram және т. б.) фото, видео сілтемелер ұсынылуы керек.

Ескертпе: Қатысушы және факультет деканының растап қойған қолы